



«Сағи Жиенбаев атындағы Ақтөбе облыстық  
жасөспірімдер кітапханасы» КММ



*«Киелі Жем өңірінің төл  
перзенті»*

Қажығали Мұханбетқалиұлы  
туралы деректер



Прохоров 11



labrari@mail.ru

## **Алғы сөз**

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, жерлесіміз «Құрмет» орденінің иегері Қажығали Мұханбетқалиұлының туғанына 80 жыл толуына орай Сағи Жиенбаев атындағы Ақтөбе облыстық жасөспірімдер кітапханасы қарымды қалам тербеген жазушының шығармашылығын насихаттауға көмек ретінде әдістемелік құралын оқырман назарына ұсынады!

Қазақ әдебиетінің «Алтын ғасыры» аталатын ХХ ғасырдың әдеби буынының белді өкілі, туған жерін жырға қосқан жазушының «Қайдасың сен махаббат?» кітабы 2017 жылы жазушының 75 жылында облыстық «Оқитын өлке» акциясына таңдалып алынған болатын. Облыс кітапханаларында акция аясында арнайы іс-шаралар жоспарлы түрде жасалды, тақырыптық кештер, әдеби панорамалар, танымдық сағаттар, кітап көрмелері және тағы сол сияқты шаралар ұйымдастырылды. Қазіргі күні де Ақтөбе жұртшылығы жазушының шығармаларын ұмытқан емес. Өлкеміздің дарынды тұлғаларын бірге оқиық!

### **Шығаруға жауапты:**

Сағи Жиенбаев атындағы Ақтөбе облыстық жасөспірімдер кітапханасының директоры: Г.Н.Қалдина

### **Құрастырушы:**

Кітапхана қызметкері Л.Е.Сұлтанбекова

## Пайдаланған әдебиеттер:

- Ақтөбе энциклопедиясы.-Ақтөбе: «Отандастар-Полиграфия» ЖШС баспаханасы, 2001 ж.
- Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі (Атаулардың пайда болу тарихы). Ақтөбе қаласы, 2007ж.
- Қазақ совет энциклопедиясы.-Алматы: «Қазақ совет энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1974ж.
- Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы.-Алматы «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 2004 ж.
- Қазақстан жазушылары. Хх-ғасыр. Анықтамалық.-Алматы: «Ана тілі», 2004 ж.
- Жолдасбеков М. Асыл сөздің атасы. Зерттеулер.-Алматы: «Білім», 1996 ж.
- Мұханбетқалиев Қ. Жұлдызды түндер: Әңгімелер.-Алматы: Жазушы, 1972 ж.
- Мұханбетқалиев Қ. Тоғай сыбдыры.-Алматы: Жазушы, 1974.-120б.
- Муханбетқалиев К. Старые друзья/ Перевод с каз. В.Малькова.-Алма-Ата: Жазушы, 1981.-224с.
- Муханбетқалиев К. Дороги жизни: Повести и рассказы\Пер. С каз. В.Михайлова.-Алма-Ата: Жазушы, 1991.-304с.
- Мұханбетқалиев Қ. Қайдасың сен, махаббат?: Әңгімелер мен повестер.-Алматы: Жалын, 1984.-272б.
- Мұханбетқалиұлы Қ. Сынық терезе: Әңгімелер мен хикаяттар.-Астана: Елорда, 2003.-272б.
- Мұханбетқалиұлы Қ. Жалғыз жиен: Әңгімелер мен хикаяттар.-Алматы: Жазушы, 2005ж.
- Мұханбетқалиұлы Қ. «Тоғысар арнамыз бір толғанғанда...»: Әдеби сын-мақалалар, зерттеулер, ой-толғаныстар.-Алматы: Балауса баспасы, 2010.-320б.



- ❖ **Қажығали Мұхамбетқалиев 1942 жылы 8 желтоқсанда Байғанин ауданы, Қызылбұлақ ауылында туған. Қазақ жазушысы. 1965 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетін үздік бітірді. Ақтөбе облыстық телевизия және радио комитетінде редактор, облыстық «Коммунизм жолы» газетінде әдеби қызметкер болды. Алматыдағы «Қазақстан» баспасында аға редактор, «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі, «Қазақ әдебиеті» газетінде жауапты хатшы, «Жаңа фильм» журналында бас редактор қызметтерін атқарды.**

– Ара-тұра сын мақалалар жазасыз, мұндағы мақсатыңыз не?

– Мен тек қана жазушы емеспін. Қазақтың мемлекеттік университетін қызыл дипломмен үздік бітірген кәдімгі филологпын! Филолог болған соң, ең қарапайым ұғымдар туралы түсінігінің өзі қате қаламгерлердің жазған-сызғандары жайлы лажсыздан сыни пікірлер айтатын кездерім бар. Керек десеңіз, солардың басын құрап, «Тоғысар арнамыз бір толғанғанда...» деген әдеби-сын мақалаларым топтастырылған кітап та шығардым. Басты ұстанымым – «Не жазсақ та, біліп жазайық, ағайын» деген принцип.



*(Жазушының «Астана ақшамы» газетіне берген сұхбатынан)*



➤ 1965 жылы Қазақ Ұлттық Университетінің филология факультетін үздік бітірген. Одан кейін Ақтөбе облыстық радио және телевидение комитетінде, облыстық «Коммунизм жолы», «Қазақстан» баспасында, «Жұлдыз» журналында, «Қазақ әдебиеті» газетінде «Жана фильм» журналының бас редакторы болған. Кейінгі жылдары ҚР Президенті аппаратында, Парламенті, «Таң Шолпан» журналында қызмет істеген.



- ❖ Р.Акутагаева, С.Моэм, П.Мэриме, Ти де Мопассан, Д.Фонвизин, С.Чубек, Л.Хонвано, Дж.Одинаев, Х.Абдуллин, т.б. жазушылардың жекелеген әңгімелерін және түрікмен жазушысы Т.Жұмагелдиновтың «Егес» атты кітабын, орыс жазушысы А.Скалонның «Бақыттың алтайы түлкісі» атты әңгімелер мен повестер жинағын қазақ тіліне аударған.

Қ.Мұханбетқалиев қазақтың XVIII ғасырдағы отаршылдық езгіге қарсы күресінің басшысы, әрі би, әрі батыр Сырым Датұлы туралы ұзақ жылдар бойы зерттеу жүргізіп, тұлға туралы республикалық «Арыс» баспасынан «Сырым Датұлы» (2004) атты жинағы, әдебиет пен өнер туралы, қоғам туралы сан түрлі пікірлер мен мақалалардан тұратын «Тоғысар арнамыз бір толғанғанда...» (2010) атты кітаптары жарыққа шықты. Тәуелсіздік жылдарында жазылған сүбелі еңбегі батыр, би, қайраткер Сырым Датұлы туралы баяндалған «Тар кезең» тарихи романы 2012 жылы оқырмандарына жол тартты.



Франция патриоты ретінде абсолютті монархияға, аристократияға, клерикализмге белсене қарсы шыққан, саяси көзқарасы үшін Отанынан қуылып, он тоғыз жылын шетелдерде өткізген, мемлекеттік құрылыстың қайраткер сыншысы В.Гюгоның қаламынан «Париж құдай-ана соборы», «Тоқсан үшінші жыл» сияқты өте күрделі тарихи туындылардың туғанына таңдануға да болмайды. Әрине, бұл үшін В.Гюгоның қоғамдық, мемлекеттік қайраткер болуы ең бірінші шарт емес, бірақ оның маңыздылығын да ешкім теріске шығара алмайды. Сол сияқты, Қ.Мұханбетқалиұлы да, республика деңгейіндегі әдеби газет-журналдарда қаламгерлік мектептен өтіп, республикамыздың ең жоғары билік органдарында, белгілі бір деңгейде мемлекеттік те пікір қалыптастыратын, пікірлерді таразылауға мейлінше сергек қарауға тиісті саяси ортада шыңдалған қаламгер. Сырымның шешендігін бірінші кезекке қоймай, оның әр диалогы мен монологында сөз бен ой қатар ұшқындап, қатарласа жарқылдайтын ұлттық, мемлекеттік мүддені қайраткерлік биіктен толғауы Қажығалидың қоғамдық та, қаламгерлік те қайраткерлік бітімін айқындай түседі. Жазушы – ұлтының ұяты десек, тап жаңағыдай қасиет қашанда ауадай қажет. Сондықтан «Тоқсан үшінші жыл» әлем әдебиетінің алтын қорынан қалай нық орын алса, «Тар кезең» де қалың оқырманға сондай ыстық ықыласпен, сүйіспеншілікпен жол тартты-ау деп ойлаймын.

**Сырым БАҚТЫГЕРЕЙҰЛЫ**




- ✓ **Жазушыға 2002 жылы Байғанин ауданның құрметті азаматы атағы берілді. 2003 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағына ие болды.**





Өмірден түйгенім: қолыңнан келгенінше еңбек ет; қолыңнан келгенінше төңірегіндегілерге жақсылық жаса; ал жақсылық жасау қолыңнан келмесе, ең болмағанда жамандық жасама. Білгенім: бұл дүниеде тазалыққа ештеңе де жетпейді. Бір үзім наныңды адалынан же! Шырылдасаң, шындық үшін ғана шырылда!

**ҚАЖЫҒАЛИ МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ**



**Мұханбетқалиұлы Қ.**

**Тар кезең: Тарихи роман .- Алматы: “Мерекенің баспалар үйі” ЖШС, Mereke baspasy, 2012 .- 584 б.- 40 сурет**


Қазақ даласының Батыс пен Орталық бөлігі Ресей протекциясына қарағанына жарты ғасырдай уақыт өткенде, империя енді өзінің отаршылдық бет-бейнесін ашықтан-ашық көрсете бастаған болатын. Әсіресе, Алаш баласы Елек пен Жайық бойындағы өріс-қоныстарынан ысырылып; онымен қоймай, біресе Жайық казак-орыстарының, енді бірде башқұрттар мен Еділ қалмақтарының талауына ұшырап, жан-жақты қысым көре бастады. Ел басындағы хан Нұралы болса, бұл істердің бірде-бірін орнықты шеше алмай, ел билігі де дағдарысқа түсті.

Міне, осындай қилы кезеңде ел тағдырына деген жауапкершілікті өз мойындарына алған – Байбақты Сырым бастаған қазақтың білікті билері мен батырлары, ақсақалды ағалары еді...

Жазушының «Тар кезең» аталатын романы халық тағдыры таразыға түскен осынау қиын кезеңнің оқиғаларын кең тыныспен, аса байыпты да байсалды көрсете білген, шын мәніндегі көркем туынды.



Ұлттық музейде Мемлекеттік және Күлтегін сыйлықтарының лауреаты, белгілі ғалым, жазушы Қойшығара Салғараұлының «Жер жаһанда арғы атаңның ізі бар» атты кітабының тұсаукесеріндегі Қажығали Мұхамбетқалиұлы болды.







**Мұханбетқалиев Қ.**

**Қайдасың сен, махаббат?: Әңгімелер мен повестер.- Алматы: Жалын,1984.-272 б.**Жазушының бұл кітабына «Мінез», «Сынық терезе», «Қаңтардың қарасуық түні»,«Ит жылғы оқиға» секілді әңгімелері мен жұртшылықтан жылы лебіз естіген бірқатар белгілі туындылары еніп отыр.Кітап екі бөлімнен тұрады; бірінші бөлім, негізінен, қазіргі қала тіршілігіне арналған. Екінші бөлімге бүгінгі ауыл өмірін арқау еткен шығармалар енгізілген.




**Мұханбетқалиұлы Қ.**

**«Алабұға, аққайран...» (Еліміздің өзен-көлдеріндегі балықтар жөнінде не білесіз?) .- Алматы: Баур, 2008 .- 72 б.**

Біздің еліміз жерге, кенге ғана бай емес, өзен-көлге де бай. Өзен-көлге бай болған соң, онда тіршілік ететін балықтарға да бай. Бірақ... біз өзіміздің өзен-көлдеріміздегі сол балықтардың тыныс-тіршілігін аз білетіндігімізді былай қойғанда, атауларының өзін жиі шатастырып алатын болып жүрміз. Тіпті кейбіреулерінің атын байырғы балықшылар болмаса, қалың көпшілік ұмыта да бастағаны байқалады. Бұл шағын еңбек сол олқылықтың орнын толтыруға сәл де болса септігін тигізсе, нұр үстіне нұр болар еді. Кітап мектеп оқушыларынан бастап, табиғат сүйер күллі қауымға арналған.





**Мұханбетқалиұлы Қ.**  
**Жалғыз жиен: Әңгімелер мен хикаяттар.-Алматы:**  
**Жазушы, 2005.-288 б.**

Жазушының бұл кітабына оқырмандарға кеңінен таныс, әдеби орта әлдеқашан мойындаған белгілі-белгілі туындылары еніп отыр. Қаламгердің қай шығармасын оқысаңыз да, қала мен дала өмірін бірдей жақсы білетіндігі айқын сезіледі.



**Мұханбетқалиұлы Қ.**  
**«Тогысар арнамыз бір толғанғанда...»: Әдеби сын-мақалалар, зерттеулер, ой-толғаныстар.-Алматы:Балауса баспасы, 2010. - 320 б.**

Белгілі жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қажығали Мұханбетқалиұлы ұзақ жылдар бойы әртүрлі әдеби-мәдени басылымдарда қызмет атқарып қана қоймай, күні бүгінге дейін қоғамдық өмірдің сан-салалы мәселелері туралы баспасөз беттерінде өз ой-пікірлерін үнемі ашық айтып келе жатқан қаламгерлердің бірі. Автордың бұл кітабына әр жылдары әдебиет пен өнер туралы жазған мақалалары; пікірталас кезінде сөйлеген сөздері және әріптестерімен сыр-сұхбаттары; бірқатар тарихи тұлғалар жөніндегі зерттеу еңбектері енгізіліп, бірінші рет жеке кітап болып жарық көріп отыр. Бір қызығарлығы – жинаққа кірген кейбір еңбектердің жазылғанына бірталай уақыт өтсе де, онда сөз болған мәселелердің әлі күнге өз актуалдылығын жоғалтпағандығы, автор пайымдауларының парасаттылығы – оқырманды еріксіз ойлантады.



**Мұханбетқалиұлы Қ.**

**Сынық терезе: Әңгімелер мен хикаяттар.- Астана: Елорда, 2003.-272 б.**

Жазушының бұл кітабына оқырмандарға кеңінен таныс, әдеби орта әлдеқашан мойындаған белгілі-белгілі туындылары еніп отыр. Қаламгердің қай шығармасын оқысаңыз да, қала мен дала өмірін бірдей жақсы білетіндігі айқын сезіледі.



Әдебиетіміздің қазіргі абызы Ә.Нұрпейісов: «Қажығалидың жаңа романын қолжазба күйінде алғаш бастап оқығанда негізгі кейіпкерімді таба алмай, қатты көңілім қалды, дастарқан үстінде келін екеуіне ренішімді ашық айттым» – деп сынның қою бұлтын мүлдем төндіріп барып, түйінді ойын былай білдірді: «Кейін ауруханаға түскенде романды қайтадан қолға алып, оқуды жалғастырдым. Романның соңғы бетін жапқанда, қаламгердің әдебиетімізге тың, соны серпіліс әкелгеніне көзім жетіп, сүйсіндім. Қажығали қазақ халқын ғасырлар бойы билеген отаршылдықтың табиғатын терең ашыпты, империялық залымдықтың салдарын да, себебін де терең зерттеп, оны алғаш рет ғылыми-көркем кейіпкер деңгейіне көтере алған».



«Қажығали Мұханбетқалиевті қазақ әңгімесінің айтулы шебері деуге әбден болады. Оймақтай ғана оқиғаға ойдай мағына сыйғыза алған прозашы адам құлқындағы құбылмалылықтан басталатын дәуірлік трагедиялар мен әлеуметтік драмалар жұлынын дөп басады.»

**ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ**



- Кез келген қаламгер өзінің биік мұрат көздеген туындысының қандай екенін, қалай қиналып жазғанын жақсы біледі... Ал оның лайықты бағасын алу-алмауы екінші мәселе. Бұл ретте айтарым, «Тар кезең» романы – осыған дейінгі шығармашылығымның ең биік табысы екені ғана.

